

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан - менің Отаным = Қазақстан мое Отечество : «Рухани жаңғыру» Президенттік бағдарламасын жүзеге асыруға арналған IV Респ. Студ. Ғыл.- тәжір. Конф. Материалдары.- Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2018,- 463 б.
2. Рысбек.М Мақала, Сарыоба археологиялық кешендегі қазба жұмыстарының қортындылары ббет
3. Сәтбаев қаласының 45-жылдығына арналған «Қ.И. Сәтбаев-Тұлға. Патриот. Ғалым» атты халықаралық симпозиум материалдары. Қарағанды қ., 2018 ж.- 174 б.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ, БАЙЗАҚ АУДАНЫ ӨҢІРІНІҢ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Рысқұлбек С.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD Молдахмет А.А.

Астана Халықаралық университеті

Астана қ.

Аңдатпа

Бұл жұмыста Жамбыл облысының Байзақ ауданы аумағындағы жер-су атауларының шығу тегі қарастырылады. Топонимдердің қалыптасуында өңірдің тарихы, географиялық ерекшеліктері, этникалық құрамы мен шаруашылық дамуы маңызды рөл атқарады. Ақбұлым, Сарыкемер, Абай, Түймекент, Қостөбе, Шахан, Жібек жолы, Байзақ батыр сияқты атаулар тарихи кезеңдердің ізін сақтап, қазақ халқының рухани дүниесін, шаруашылық моделін және мәдени жадын бейнелейді. Зерттеу нәтижелері бұл топонимдердің көпшілігі көне түркі дәуірінен бастап қазіргі кезеңге дейінгі тарихи-әлеуметтік өзгерістердің куәсі екенін көрсетті. Жұмыс нәтижелері өлкетану, тарих, география, тіл білімі салаларында қолдануға тиімді.

Кіріспе

Жер-су атаулары - халықтың тарихи санасын, дүниетанымын және мәдени болмысын айшықтайтын ең көне әрі сенімді дереккөздердің бірі. Топонимдер уақыт өте өзгеруі мүмкін тарихи оқиғаларды, табиғат ерекшеліктерін, әлеуметтік қатынастарды, белгілі тұлғалар есімдерін немесе жергілікті тұрмыс-салтқа қатысты белгілерді бойында сақтап қалады. Сондықтан белгілі бір өңірдің атаулар жүйесін зерттеу сол аймақтың өткені мен бүгінін терең түсінуге мүмкіндік береді. Топонимиялық қабат - халықтың тарихи жадының көрінісі, ал осы қабатты анықтап, мән-мағынасын ашу - туған жердің шынайы болмысын тануға бастайтын маңызды қадам. Жамбыл облысы, Байзақ ауданы - сан ғасырлық тарихтың ізі сайрап жатқан, табиғаты алуан түрлі, мәдени және этнографиялық мұрасы бай өңірлердің бірі. Бұл аумақ ежелгі қоныстардың, қорғандардың, түркі дәуіріне жататын ескерткіштердің және Ұлы Жібек жолының бойындағы керуен бекеттерінің шоғырланған аймағы ретінде белгілі. Сондықтан Байзақ ауданының жер-су атаулары да кездейсоқ қойылған белгілер емес, оның тарихын, шаруашылық ерекшеліктерін, тайпалық құрылымын, әскери жорықтарын, тұрмыс-тіршілігін айқын көрсететін құнды дереккөз. Өңір атауы XIX ғасырдағы тарихи оқиғалармен тығыз байланысты. Ауданға Байзақ Мәмбетұлының есімінің берілуі - ел тағдыры жолында күрескен батырға деген құрмет әрі сол дәуірдегі саяси жағдайлардың топонимдік қабатта сақталғанының айқын дәлелі. Аудан аумағындағы көптеген ауыл, төбе, бұлақ, өзен және сай атаулары да өзіндік шығу тарихына ие. Мысалы, Сарыкемер - көне керуен жолдарының түйіскен тұсындағы бекіністермен, Ақбұлым - мөлдір бұлақ көзінің түсімен, Түймекент - түркі кезеңіндегі шағын қалашық қалдығымен, Қостөбе - екі төбелі табиғи рельеф ерекшелігімен байланысты қалыптасқан. Сондай-ақ Шахан, Бурыл, Ботамойнак, Жібек жолы сияқты атаулар табиғи көріністерді де, тарихи дамуды да қатар бейнелейді. Байзақ ауданының топонимдерін зерттеу - тек олардың шығу тегін анықтап қою емес, халықтың өркениеттік дамуын, тарихи жадын, мәдени сабақтастығын зерделеу. Осы зерттеудің өзектілігі де - жергілікті атаулардың мән-мағынасын жаңғыртып, туған өлке тарихына қызығушылықты арттыру, аймақтық идентичтікті күшейту. Жер-су атаулары арқылы біз бұл өңірдің ғасырлар қойнауындағы өмірін, халық рухының қайнарын тереңірек түсіне аламыз.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу жұмысының материалы ретінде Жамбыл облысы мен Байзақ ауданына қатысты шыққан өлкетану еңбектері, топонимикалық және этнолингвистикалық сөздіктер, тарихи архив құжаттары, жазба деректер, ауызша тарихнама үлгілері және жергілікті тұрғындардың әңгімелері

пайдаланылды. Сонымен қатар этнографиялық экспедициялар барысында жиналған полевой материалдар, ескі карталар мен заманауи картографиялық деректер де қарастырылды. Зерттеу барысында сипаттамалық талдау, салыстырмалы-тарихи әдіс, семантикалық талдау тәсілі, сондай-ақ аймақтық топонимдерді нақты географиялық нысандармен сәйкестендіру әдісі қолданылды. Әрбір атауға қатысты бірнеше дереккөз салыстырылып, атаудың тарихи негізін айқындауға бағытталған жүйелі талдау жүргізілді. Осы әдістер топонимдердің шығу тегін неғұрлым толық, дәл және ғылыми тұрғыда түсіндіруге мүмкіндік берді.

Талқылау

Байзақ ауданы топонимдерінің тарихи қабаты бірнеше мәдени-өркениеттік кезеңге бөлінеді: көне түркі дәуірі, ортағасырлық кезең, Жібек жолы дәуірі, Қазақ хандығы дәуірі және XIX-XX ғасырлар. Көне түркі кезеңіндегі атаулардың бірі - Түймекент. Зерттеушілер бұл атауды «кіші қала», «түйме тәрізді дөң» деген мағынамен байланыстырады. Археологиялық деректер бойынша Түймекент маңында ерте ортағасырлық қалашықтың орны табылған. Осындай қалалар Ұлы Жібек жолының бойындағы шағын сауда бекеттері болған. Бұл атау өңірдің ежелгі қалалық мәдениеттің орталығы болғанын көрсетеді.[2,35] Сарыкемер Іргесі 1875 жылы қаланды. Халық ауылға қоныстанбаған кезде, ауыл маңындағы Талас өзенінің бойы сарыкемерленіп, күнге шағылысып тұратындықтан ежелден бұл жер Сарыкемер аталған. 1880 жылы орыс көпесі Михайловтың атымен Михайловка қаласы аталған десе, басқа нұсқаларда келімсектер тұрған жерлеріне бірінші кезекте шіркеулерін салған, шіркеуді өздерінің қасиетті "Михайлов день" күні қарсаңында ашылғанына байланысты атаған дейді. Ауылға Қазақстан Республикасы Жоғарғы кеңесінің торалқасының 19.03.1992 жылғы №1262-ХІІ қаулысымен өзінің ежелгі Сарыкемер аты қайтарылып берілді. Осы елді мекеннің тұрғыны болған Әмірбек қажы Есенбаев 1957 жылы көне Тараз қаласы жайында жазылған мұрағат материалдарын жинаған кезде, Ташкенттегі Орта Азия университетінің кітапханасына барған сапарында Ресейдің археологиялық-этнографиялық экспедициясын басқарған ротмистр Н.А.Петровтың 1791 жылы жазған зерттеулерімен танысқан болатын. Сол көне құжаттар салынған жәшіктің сыртқы бетінде "№117-61220, материалы Таласской долины и устные сказания очевидцев" деген зерттеу тақырыбының аты жазылған. Онда Байзақ датқаның әкесі Мәмбет датқаның батыр тұлғасы туралы жан-жақты баяндалған және оның өсіп-өнген әулетінде қалыптасқан қазақтың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі жайында да аса құнды деректер жинақталған. Әсіресе, Мәмбет датқаның жаз жайлауы Талас өзенінің жағасындағы Сарыкемер елді мекенін айнала қоршап жатқан малға жайлы, шөбі шүйгін, суы мол, кең жайылымдар болатыны ерекше айтылған. Ертеректе, Талас өңірінің қазіргідей егіншілік кәсібі кеңірек дами қоймаған дәуірде, суға деген сұраныс аз болған. Өзен кемерінен асып, кез келген жерді кемерлеп, кеміріп жататын. Әсіресе "Қызғалдақ тасу", "Қарақұйрық тасу" дейтін Таластың тасулары малға да, жанға да өте қауіпті болатын. Сондай шақта су деңгейі күрт көтеріліп, секундына мөлшері 100-150 текше метрге жететін. Мұнша көп тасқын судың дүлей күші өзен жағасын опыра кемерлеп, биік-биік жарқабақты эп-сәтте "жасай" салатын. Сол жарқабақтар сонау бір замандардан бері тасқын судың күшімен біріне-бірі ұласып, Сарыкемердің шығыс жағын тұтас бір кемерге айналдырып алған деседі. Яғни, Сарыкемер деген атау сол сары топырақты кемерге байланысты аталуы ақиқат. Өйткені, қазақ елінде ежелден елді мекендерді жер, судың, сай-саланың атымен атай салу әдет болып саналатын.[1,70];[3]

Ақбұлым атауы табиғи нысаннан туған. «Ақ» түс - қазақ дүниетанымында тазалықты, қасиеттілікті білдіреді. «Бұлым» сөзі «бұлақ», «бұлақтан аққан су» ұғымына жақын келеді. Жергілікті аңыз бойынша ауыл маңында мөлдір ақ түсті бұлақ болған. Осы ерекшелік атаудың негізіне айналған. Бұл табиғи топонимдерге тән семантикалық қалып.[2,37] Қостөбе атауы тікелей географиялық пішінге байланысты. Ауыл маңында бір-біріне қатар орналасқан екі төбе бар, халық екі төбені ажыратпай «Қостөбе» деп атаған. Қазақ топонимиясында мұндай атаулар жиі кездеседі, мысалы Қосқұдық, Қосарал, Қосөткел. Мұның барлығы табиғи нысандардың жұп түріне байланысты туындайды.[2,38] Байзақ атауы тарихи тұлғаға байланысты қалыптасқан. XIX ғасырда өмір сүрген Байзақ Мәмбетұлы елдің бірлігі үшін күрескен, Кенесары қозғалысын қолдаған, әділдігімен танылған би болған. 1864 жылы Ұрымша бекінісін жару кезінде қаза тапқан. Ел құрметіне аудан аты берілді. Бұл антропонимиялық атау өңірдің отаршылдыққа қарсы күрес тарихын бейнелейді.[2,30] Ботамойнақ, Шахан, Бурыл, Жібек жолы сияқты атаулар да өзіндік тарихқа ие. Шахан атауы жер бедеріндегі «шаққан», «шақпақтастай тілімденген» деген сипаттан шыққан деген пікірлер бар. Бурыл атауы жердің құм-топырағының түсіне байланысты. Ботамойнақ жері ботаның мойны тәрізді созылыңқы жотаға байланысты қойылған. Жібек жолы атауы - ортағасырлық қолданбалы тарихи атау, бұл аумақтан керуен тармағы өткенін дәлелдейді. Жалпы алғанда, Байзақ ауданының топонимиялық жүйесі табиғат ерекшелігінен туған халықтық атаулар мен тарихи оқиғалар негізінде қалыптасқан атаулардан тұрады.

Бұл аймақта жер-су атаулары халықтың географиялық ерекшеліктерді қабылдауын және этникалық-тарихи жадын көрсетеді.[2,40-54]

Нәтиже

Жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижесінде Байзақ ауданы жер-су атауларының көпқабатты тарихи сипаты айқындалды. Атауларды бірнеше топқа бөліп қарастыру олардың шығу тегін нақтылауға және әрқайсысының семантикалық мазмұнын тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. Алдымен табиғи-географиялық ерекшеліктерге негізделген атаулар анықталды. Қазақ топонимиясында табиғи нысандарға байланысты атаулар ең кең таралған жүйе болып саналатыны белгілі. Ақбұлым, Қостөбе, Ботамойнақ, Бурыл сияқты атаулар халықтың табиғатты дәл сипаттауға, жер бедерін көзбен көргендей бейнелеуге ұмтылғанын дәлелдейді. Бұл атаулар өңірдің ландшафтық құрылымын

түсінуге ғана емес, ежелгі қазақтардың табиғатқа деген көзқарасын тануға да мүмкіндік береді. Табиғи атаулардың сақталуы жергілікті тұрғындардың табиғи ортаға құрметпен қарағанын, сонымен бірге территориялық ерекшеліктердің халық санасында ерекше орын алғанын көрсетеді.[4,52] Екінші топқа тарихи оқиғаларға, белгілі қайраткерлерге және елге еңбегі сіңген тұлғаларға қатысты атаулар жатады. Байзақ атауы - осы санаттың айқын мысалы. Бұл атау арқылы жергілікті халық ХІХ ғасырдың тарихи оқиғаларын, ел азаттығы жолында күрескен батырдың ерлігін ұрпақ жадында сақтап келеді. Қазақ жерінде белгілі тұлғаларға жер, ауыл, сай, бұлақ атауын беру - ежелден келе жатқан дәстүр. Мұндай атаулар халықтың тарихи санасын сақтауда маңызды рөл атқарады. Байзақ Мәмбетұлының есімі аудан деңгейінде ғана емес, бүкіл өңірлік тарихи жадта символдық мәнге ие. Бұл дәстүрдің жалғасы ретінде Байзақ ауданында басқа да тұлғалық топонимдер кездеседі, олардың әрқайсысы белгілі тарихи кезеңдерге қатысты ақпарат береді.[4,53] Үшінші топқа көне қала орындары, керуен жолдары және ежелгі бекіністерге қатысты атаулар кіреді. Сарыкемер, Түймекент және Жібек жолы атаулары осы санаттың негізін құрайды. Бұл атаулар аймақтың ежелгі және ортағасырлық өркениеттермен байланысын көрсетеді. Археологиялық деректер Түймекент қалашығының ерте ортағасырлық кезеңдерде маңызды мәдени орталық болғанын дәлелдейді. Сарыкемердің атауы бекініс қызметімен, стратегиялық маңызға ие нүкте ретіндегі рөлімен байланысты. Ал Жібек жолы тармақтарының Байзақ ауданы арқылы өткенін тарихи карталар, археологиялық зерттеулер және жазба деректер де растайды. Бұл топонимдер аймақтың халықаралық сауда жолдары жүйесінде ерекше орын алғанын білдіреді.[4,55] Зерттеудің маңызды нәтижелерінің бірі - Байзақ ауданы топонимдерінің көпшілігі ғасырлар бойы өзгермей, халық жадында сол қалпында сақталғаны. Бұл жағдай аймақтың этникалық және мәдени тұрақтылығын көрсетеді. Атаулардың ауызша дәстүр арқылы ұрпақтан ұрпаққа дәл жеткізілуі қазақ қоғамында тарихи жадының сақталуына ықпал еткен. Көптеген топонимдердің қазақ шежірелерімен, ауызша деректермен сәйкес келуі олардың шығу тегінің тарихи шынайылығын күшейтеді. Жергілікті тұрғындардан жиналған әңгімелер мен аңыздар көптеген атаулардың мәнін толықтыруға мүмкіндік берді.[5,83] Байзақ ауданы топонимиясының тағы бір ерекшелігі - оның ұлттық мәдениеттің маңызды бөлігі ретінде көрінуі. Жер-су атаулары тек географиялық белгі емес, олар тілдік мұра, тарихи дерек, рухани құндылық. Әрбір атау белгілі бір кезеңнің мәдени лексикасын, дүниетанымын және рухани мазмұнын бойына жинақтайды. Сондықтан топонимдер ғылыми зерттеулерде ғана емес, білім беру саласында, өлкетану жұмыстарында кеңінен қолдануға өте тиімді. Жалпы алғанда, Байзақ ауданы топонимдері үш негізгі бағытта қалыптасқан: табиғи құбылыстарға байланысты атаулар, тарихи тұлғаларға қатысты атаулар және көне мәдени орталықтармен байланысты атаулар. Бұл үш қабат бір-бірін толықтыра отырып, өңірдің этностық тарихын, шаруашылық дәстүрлерін және мәдени дамуын кешенді түрде көрсетеді. Топонимдер жүйесі арқылы қазақ халқының тарихының кеңістіктік бейнесін қайта құруға болады. Сондықтан Байзақ ауданы топонимиясы - тек жергілікті маңызы бар құбылыс емес, бүкіл қазақ даласының тарихи-мәдени мұрасының бір бөлігі. [6,53]

Қорытынды

Байзақ ауданының жер-су атаулары - өңірдің тарихи жадын, мәдени болмысын және табиғи ерекшеліктерін толық бейнелейтін аса құнды дереккөз. Әрбір атаудың арғы жағында ғасырлардан келе жатқан оқиғалар, халықтың дүниетанымы, тұрмыс-тіршілігі, көшпелі мәдениеті мен табиғатпен етене байланысы жатыр. Зерттеу нәтижелері Байзақ топонимиясының бірнеше қабаттан тұратынын көрсетті. Табиғи атаулар ең көне әрі кең таралған жүйе болып табылады: Ақбұлым, Қостөбе, Ботамойнақ сияқты атаулар жер бедерін дәл сипаттайды және халықтың табиғатқа ерекше мән бергенін дәлелдейді. Екінші қабатты тарихи тұлғаларға, елге еңбегі сіңген қайраткерлерге және аймақ үшін маңызды оқиғаларға қатысты атаулар құрайды. Оның жарқын мысалы - Байзақ атауы, ол өңір халқының батырға деген құрметінің белгісі. Үшінші қабат - Сарыкемер, Түймекент, Жібек жолы сияқты ортағасырлық мәдени

орталықтар мен керуен жолдарына байланысты атаулар. Бұл топонимдер Байзақ ауданының ежелгі өркениеттермен байланысын айқындайды.[7,90] Жалпы алғанда, өңір топонимдері тарихи дерек ретінде ерекше маңызға ие. Олар жергілікті мәдениеттің, тілдік мұраның және халықтық тарихи сананың ажырамас бөлігі болып табылады. Жер-су атауларын зерттеу туған өлкенің өткенін анықтауға ғана емес, қазіргі ұрпақтың ұлттық бірегейлігін нығайтуға да ықпал етеді. Байзақ ауданының топонимиялық жүйесі - өткен мен бүгінді байланыстыратын рухани көпір. Сондықтан бұл атауларды ғылыми тұрғыдан зерделеу, олардың шығу тегін дәл анықтау әрі болашақта жастарға таныту - маңызды міндет болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. “Қазақ Совет Энциклопедиясының” 8-томы. Кітаптың 70-беті
2. Жамбыл облысының топонимикалық анықтамалығы / З. Құламанова. - Алматы: «Арыс» баспасы, 2014. 30-54 беттері
3. О присвоении наименований и переименовании отдельных административно-территориальных единиц Республики Казахстан https://adilet.zan.kz/rus/docs/P920008000_
4. Қазақ ұлттық энциклопедиясы. Топонимика бөлімі. Алматы: Рауан, 2011.
5. Ахметов, С. Т. Қазақстанның топонимиялық сөздігі. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2005.- Қазақстан жер-су атауларының шығу тегін талдауға арналған сөздік.
6. Баймұхамедов, Н. Жамбыл облысының тарихи-этнографиялық зерттеулері. Тараз: Жамбыл облыстық тарихи мұрағат, 2010. - Жамбыл облысының жер-су атаулары мен тарихи деректері.
7. Қаратаев, А. Қазақ жеріндегі топонимдер: тарихы мен мағынасы. Алматы: Фолиант, 2018. - Қазақ даласындағы топонимдердің тарихи және семантикалық талдауы.
8. Төлепов, М. Байзақ ауданының өлкетану жинағы. Тараз: Жамбыл облыстық өлкетану орталығы, 2012. - Байзақ ауданындағы ауылдар, өзендер және төбелердің шығу тарихы.

ШЕТ АУДАНЫНЫҢ ОНОМАСТИКАЛЫҚ КЕҢІСТІГІ: ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ МЕН ТАРИХИ-МӘДЕНИ МАҢЫЗЫ

Сагиндикова М.С.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD Молдахмет А.А.

Астана Халықаралық Университеті
sagindikova00@inbox.ru (8777-4841462)

Астана қ.

Аңдатпа

Қарағанды облысының Шет ауданының ономастикалық атаулары өңірдің тарихи-мәдени ерекшеліктерін, географиялық жағдайын және халықтық дәстүрін көрсетеді. Ономастика -жер-су, таулар, өзендер мен көлдердің атауларын зерттейтін ғылым саласы. Шет ауданының жер-су атаулары негізінен қазақ халқының тұрмыс-салт дәстүрлеріне, тарихи оқиғаларға және табиғат ерекшеліктеріне байланысты қалыптасқан. Бұл мақалада ауданның негізгі ономастикалық атауларының шығу тегі, олардың мағынасы, зерттелу тарихы және ғылыми зерттеушілердің еңбектері талқыланады. Сонымен қатар, аудандағы өзендер мен көлдердің атауларының лингвистикалық ерекшеліктері қарастырылады. Жер-су атауларын жинақтау кезінде халық ауыз әдебиеті, тарихи деректер және қазіргі картографиялық мәліметтер пайдаланылды. Зерттеудің нәтижесінде Шет ауданының ономастикалық қорындағы атаулардың табиғатқа, тарихи оқиғаларға және мәдениетке байланысы айқын көрінді. Бұл жұмыс өңірлік зерттеулерге, география мен тарих сабақтарына арналған ғылыми-практикалық бағытқа үлес қосады.

Кілт сөздер: Шет ауданы, ономастика, жер-су атаулары, өзендер, көлдер, шығу тегі, тарихи деректер, мәдениет, тілдік ерекшеліктер, зерттеу әдістері

Annotation

The toponymic names of Shet District in the Karaganda region reflect the historical, cultural, and geographical characteristics of the area. Toponymy studies the names of geographical objects, such as rivers, lakes, and mountains. The river and lake names in Shet District are largely formed based on Kazakh customs, historical events, and natural features. This article examines the origins, meanings, and historical research of these names, including contributions of scientific researchers. Linguistic features of local hydronyms are also